



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Қазақстан әділеттің, заң мен тәртіптің мекені, еңбекқор адамдардың елі болуға тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі

Құрметті қауым!

Жаңа ғана сөз сөйлеген Құрылтай мүшелері маңызды ой-пікірлер айтты. Құрылтайдың аясында пайдалы пікір алмасулар болды. Барлығы еліміздің дамуына қажетті боларына сенемін.

Бүгін Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл форумның алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы – Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал бытыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналды. Енді міне, қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мен-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды. Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі.

Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күршіші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерөн еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді. Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді. Аймақтағы автокөлік жолының сапасы жалпы жақсы жағдайда деуге болады. Облыстың әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі – темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі.

Өткен ғасырдың ортасында адамзат баласы алғаш рет Байқоңырдан ғарышқа аттанғаны – бүкіл әлемге белгілі дерек. Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи өлке жаңа дәуірде де ойдағдайда дамуда. Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз ақтық, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Кекарал бөгетін биіктеу шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады. Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өздердіңдін көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бірімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айна-



лысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

Бүгінгі басқосуға Сыр елінің азаматтары қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер және жастар бар. Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отанышылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи Ілиясов, Таң ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүремін. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер.

Біз бір ел, бір халық болып жұмыла білгеннің арқасында өткен жылды мол табыспен аяқтадық. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің ішкі жалпы өнімі 300 миллиард доллардан асты, ал жан басына шаққандағы үлес тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет 15 мың доллар болды. Бұл – бүкіл Орталық Азия аймағы бойынша рекордтық көрсеткіш. Ұлттық қордың валюталық активтері 5 миллиард долларға ұлғайды. Алтын-валютта қорымыз ең жоғары деңгейге жетіп, 65 миллиард доллардан асты. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Халық саны 20,5 миллионға жуықтады. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ең бастысы, қоғам өзгерді, реформаларымыз тұрақты сипатқа ие болды, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс жасалды. Осы ретте, Ұлттық құрылтай айрықша рөл атқарғаны сөзсіз. Төрт жылда Құрылтай мүшелері ел өміріне ықпал ететін көптеген маңызды бастама көтерді. Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданды. Осының өзі Құрылтай азаматтың реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын айқын көрсетеді.

Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашақорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. Бұдан бөлек, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын басты құндылықтарымызды айқындап алдық. Ұрпақтың болашағына зиянын тигізетін кеселдерге барынша тосқауыл қоятын болдық.

Құрылтай мүшелері өткен жылғы жиында ішкі саясат саласын ретке келтіру туралы бастама көтерді. Тиісті құжатты әзірлеуге өздеріміз белсене атсалыстыңыздар. Былтыр Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Енді осы құжатты басымдық ретінде қарап, белсенді түрде іске асыруымыз керек.

Қадірлі қауым!

Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер. Себебі қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бәрмейді. Бұл – ақиқат. Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруалар қолға алы-

нады. Атап айтқанда, Алматы облысында қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай, театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сау атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнде-

леді. Музей ісін дамыту – маңызды міндетті бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жаңа тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тиіс тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады. Қызылордада жаңа драма театр салу жоспарымызда бар, былтыр құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс быылдан бастап жүргізіледі.

Қазіргі таңда жастар арасында Қазақстан өрлеу кезеңіне қадам басты деген пікір бар. Жас буын өкілдері жаңа қоғамдық этиканы, креативті индустрияны дамытуға зор үлес қосуда. Әлем елдері қазіргі қазақ өнерін ерекше құбылыс деп бағалайтын болды. Мен саласы да дамып жатыр. Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы – зор мақтанш. Жастардың күш-қуаты, ынта-жігері, жаңашылдығы мен жасампаздығы кез келген салаға зор серпін береді. Сондықтан біз өскелең ұрпаққа әрдайым жаңа-жаңа қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз.

Бұған дейін Ұлттық құрылтайда еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар көтерілді. Соған сәйкес жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізілді. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Маньчжурияның жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Төл тарихымызды зерделеу, өнеріміз бен мәдениетімізді өркендету үшін әлі де көп жұмыс істелуге тиіс. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғаса береді. Елімізде танымдық әрі тағылымдық мәні зор тарихи орындар мен құнды жәдігерлер аз емес. Мысалы, таза ағаштан салынған Жаркент мешіті – қытай сәулетшілері мен ұйғыр шеберлерінің қолынан шыққан бірегей туынды. Алматыдағы «Вознесенск кафедралды шіркеуі» де айрықша тарихи нысан. Татулық пен достықтың символы саналатын осы екі ғимаратты «Біріліміз – әралуандықта» қағидатының іс жүзіндегі көрінісі деуге болады.

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы

саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын. Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан Әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты деріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Олардың мұралары – біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі. Еліміздің гуманитарлық институттары ұлы ойшылдарымыздың ілімін жүйелі түрде насихаттағаны жөн. Басты міндет – халқымыздың баға жетпес қазынасы ұлттық мұрасын сақтап, ұрпаққа табыстау. Осы ретте, кейбір Құрылтай мүшелерінің философия, әлеуметтану, саясаттану сияқты ғылымдарды дамыту және қоғамдық-саяси ой-пікірлер көптомдығын әзірлеу туралы ұсынысын атап өтуге болады. Сондай-ақ олар ғылыми мекемелердің зерттеулері онлайн платформа арқылы бәріне бірдей қолжетімді болуы керек екенін айтты.

Жұырда Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталады. Мәнише, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениетін мен өркениетін деріптейтін орталықтар болуы керек. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жаһандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жаңа дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл – жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе. Мен халықтың жады мен ғылым-білімін жан-нақтытайын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдаймын. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. Мен былтырғы Құрылтайда ғылыми еңбектерді, мұрағат материалдарын, мұражай қорларын және өнер туындыларын жүйелеу қажеттігін ерекше атап өттім. «Ұлттық цифрлық мұра» бұл шаруаны заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік береді.

Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және деріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталды. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильمنىң түсуәкесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендин жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды, көркемі, яғни визуалды бейне жасаудан бөлек, алдымен оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы терең болуын ойластыру қажет. Сондықтан менің тапсырмаммен мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға әлемнің беделді ғалымдары шақырылады. Біз тұтас түркі өркениетін зерделеу де баса мән береміз. Құрықтекті ресейлік әріптестерімізбен және басқа да елдердің өкілдерімен бірге «Өр Алтай – түркілердің ата қонысы» деген халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз.

Бес жыл бұрын менің «Тәуелсіздік бәріннен қымбат» атты мақалам жарық көрді. Онда қазіргі заманғы ғылыми тесілдер негізінде төл тарихымызға арналған жаңа академиялық еңбек жазу туралы тапсырма бердім. Осы ауқымды әрі іргелі зерттеу жұмысы жыл соңына қарай аяқталады. Қазақстанның академиялық тарихының көлемді жеті томдығы жарыққа шығады. Бұл еңбек мемлекеттігімізді нығайтуға және ұлтымыздың біртұтас тарихи сана-сезімін қалыптастыруға қосқан қомақты үлесіміз болмақ. Осы маңызды ғылыми жинақ Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығына орай шыққалы отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз бұл тарихи белесті дәл осындай нақты істермен атап өтуіміз керек. Өткенді ұмытпай, болашаққа сеніммен қарасақ, еліміздің дәйекті дамуына жол ашылады. Сондай-ақ ұрпақтың отаншылдық сезімі ел игілігі жолындағы нақты іспен ұштасады.

Жалаасы 2-3-бетте

Кеңес

Кеше Қызылордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен V Ұлттық Құрылтай өтті. Ал жиынның алғашқы күнінде, яғни 19 қаңтарда төрт панельдік секция отырысы болып, оған өңірлерден 100-ден астам құрылтай мүшесі қатысты. Отырыстарда әлеуметтік-мәдени даму, білім мен ғылым мәселелері көтеріліп, азаматтық қоғам және экономикалық даму бағытында ұсыныс-пікірлер тыңдалды. Мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері талқыланды.

Тың бастама, оң ұсыныс: Құрылтай алдындағы келелі мәселелер



Алғашқы «Әлеуметтік-мәдени даму» секциясының отырысына Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева төрағалық етті. Жиын барысында Аида Балаева Ұлттық Құрылтайдың қоғам үшін маңызына тоқталып, мемлекет дамуының ұзақмерзімді бағыт-бағдары айқындалып, әлеуметтік мәселелер кеңінен талқыланып отырды.

– Ұлттық Құрылтай аясында айтылған барлық ұсыныс пен пікір Мемлекет басшысы мен мемлекеттік органдардың ерекше бақылауында. Мәдениет және ақпарат министрлігі Құрылтай мүшелері ұсынған бастамаларды іске асыру жоспарының орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Алдыңғы төрт отырыста аса маңызды мәселелер көтеріліп, ауқымды жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, заңнаманы жетілдіру мақсатында 26 заң қабылданды. Сонымен қатар 10 заң жобасына, сондай-ақ Президент жарлықтары мен кешенді даму жоспарларына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде, – деді Премьер-министрдің орынбасары.

Жалаасы 4-бетте

Айқын мақсатқа жұмыс жасау – ортақ міндет

Ұлытау төрінде бастау алған Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы қасиетті Қызылорда өңірінде өтті. Президент Сыр елінің халқымыз үшін орны ерекше аймақ екенін ерекше атап өтті. Тарихты әріден тарқатқан Қасым-Жомарт Тоқаев Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын тілге тиек етіп, Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы деп атады.

Иә, Президент айтқандай, Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Жүзге жуық Еңбек Ері шыққан қасиетті мекенде адал еңбек лайықты бағаланады. Бұл аймақтағы қарқынды жұмыс пен оң нәтижелерді бастауы іспетті.

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қызылорда облысында барлық салада соңғы жылдары серпін қалыптасқанын ерекше атап өтті. Расында, Президент айтқандай, соңғы жылдары облысымыз заман талабына сай өсіп-өркендеуде. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтырдың өзінде 27 инвестициялық жоба жүзеге асты. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығының іске қосылуын тарихи сәт деуге болады. Стратегиялық маңызы жоғары бұл нысан инвестордың қаржысына салынған.

Жалпы Президенттің облыс әкімінің жұмысына жоғары баға беруі орынды, оған ешкімнің таласы жоқ. Соңғы жылдары аймақ жұрты сапалы ауысумен қамтылды. Халықтың 80 пайызы «көгілдір отын» тұтынады. Жол сапасы жақсы жағдайда. Облыстың әуе және теміржол жүйесі де жаңғыртылуда.

Әлеуметтік салада да жақсы жаңалықтар жоқ емес. Үш жылда облыста 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды, 40 медицина нысаны ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Қуантарлығы, бұл бастамалар алдағы уақытта да жалғасын табады. Енді 500 орындық емхана, 200 орындық перзентхана салынады. Міне, Президенттің «Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі» деуі сондықтан.

Жалпы Құрылтайда келелі мәселелер көтерілді. Енді біздің алдымызда тұрған мақсат айқын, ол – келелі жиында нақтыланған мақсат-міндеттерді жұмыла жүзеге асыру.

Садық ӘЛИЕВ,
аудандық ардагерлер
кеңесінің төрағасы

2 ҚОҒАМ

Қазақстан әділеттің, заң мен тәртіптің мекені,

Отаншылдық дегеніміз — әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігінді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ. Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланып жатыр. Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қолданатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және іс-шараларда көк Туымыз желбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт өкенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады.

Қазақстанның аспанмен астасқан көк туын бүкіл әлем біледі. Еліміздің спортшылары жарқын жеңісімен, ғалымдары іргелі еңбегімен, өнерпаздары тамаша дарынымен Отанымызды жер жүзіне танытып жүр. Әр азаматымыздың жетістігі — Қазақстанның жетістігі, әр өреніміздің абыройы — барша қазақтың беделі. Біз туған жерге жанашырлығың, туған елге адалдығың нақты іспен көрсететін нағыз патриот азаматтарды қолдауымыз қажет. Жасампаз отаншылдықтың негізгі қағидаттары өмірдің өзінен алынған деуге болады. Мысалы, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына, волонтерлік қозғалыстарға, қайырымдылық шараларға әлеуметтік кәсіпкерлікке және ел игілігіне арналған басқа да жұмыстарға белсене қатысу — жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық көрінісі. Бұл жайында бүгін депутат Сабильянов өте жақсы айтты.

«Таза Қазақстан» — ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналды. Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. Бұл — ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. Таза Қазақстан — әдемі ұран да, науқан да емес, бұл — күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтуді, әл тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз. Қазақстанның патриоты болу — азаматтық жауапкершілікті терең түсіну деген сөз. Ұлт мүддесін желеу етіп бос айқайға басатын, одан қалды, азаматтарымыздың Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігін саяси ұпай жинауға пайдаланғысы келетін теріс пиғылды адамдардың бізге қажеті жоқ. Барлық салада, соның ішінде зауыттарда, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау ұйымдарында, мектептерде, университеттер мен ғылыми зертханаларда, мемлекеттік мекемелерде, жеке компанияларда жұмыс істеп жүрген адамдардың білікті әрі табанды еңбегің, ескери борышың өтеп жүрген және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін азаматтарымыздың Отанға адалдығын жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық деуге болады. Қазақстан Әділеттің, Заң мен тәртіптің мекені, еңбекқор адамдардың өлі болуға тиіс. Заң үстемдігі мен жасампаз еңбек жоғары турмыстық мәдениет идеологиясымен астасып жатуы керек. Осы қағидаттар көптеген елде табысты әрі берекелі өмір сүрудің формуласы саналады. Осындай бас-ты құндылықтар мен өмірлік ұстанымдар әр адамның бойына отбасына, мектеп қабырғасынан дариды. Сондықтан біз іргелі институттарды күшейтуге бас-а назар аударуымыз керек. Түрлі саяси авантюристердің ұлттық құндылықтарымыздың өзегіне балта шабуына, жастарды «аңғалық» болып көрінетін жат құндылықтарға елптіріп, адастыруына жол бермеуге тиіспіз. Менің нені мекшеп тұрғанымды беріңіз түсінген шығарсыздар деп сенемін. Мемлекет дәстүрлі мәдени құндылықтарын қорғауға, елді іштен ірітетін зиянды нәрселерді, тұрасын айтсақ, ерсі қылықтарды насихаттауға тосқауыл қоюға міндетті.

Қоғамымызда ер мен әйел өз еркімен шаңырақ көтеріп, некесін мемлекеттік мекемеде ресми түрде тіркейтін дәстүрлі отбасы институтын заңнамалық тұрғыдан нығайта түскен жөн. Бірақ мемлекеттің моральға қатысты ресми ұстанымына сай келмейтін көзқарасы үшін біреуді қылмыстық қудалауға, моральдық жағынан кемсітуге еш жол беруге болмайды. Ал мемлекеттік ұстанымын «Әр азаматтың таңдау құқығы бар. Алайда ешкім өз таңдауын біреуге күштеп таңа алмайды» деген формуламен түйіндеуге болады. Біздің мемлекетіміз барлық азаматтың құқығы мен бостандығын әр-намысын табандылықпен қорғай береді.

Шымкенте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүрліктерді. Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түсті. Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, қоқан-лоқы көрсеткені анықталып отыр. Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық

баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді. Қыз алып қашу — адам ұрлау деген сөз, бұл — ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел жабайы қылмыс. Ондай қатігездікке ешқашан жол беруге болмайды.

Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп — біріне ортақ. Еліміздің әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс.

Құрметті Ұлттық құрылтай мүшелері!

Кез келген мемлекеттің күші — халықта. Азаматтарымыздың жасампаздық қуатының арқасында еліміз кез келген кедергі мен тосқауылға қарсы тұрып, орасан зор табысқа жетеріне көміл сенемін. Өздеріңіз білесіздер, мен түрлі жоспарлар құрып, стратегиялар жасауды күнтізбемеймін. Себебі бос қиялға беріліп, құрғақ уәде беруге түбегейлі қарсымын. Болашаққа бағдар жасап, жоспар құрғанда өмірге шынайы көзқараспен қараған жөн деп санаймын. Біз өте қауырт дәуірге қадам бастық. Бұл адамдардың үйренішсіз ті өмір салтын бұзады, сана-сезімін өзгертеді. Цифрландыру мен жасанды интеллект түбегейлі жаңа орта қалыптастырады. Онда өбден орынып қалғандай көрінетін ұғымдар мен тәжірибелерге мүлдем орын жоқ. Жаһандық цифрлық экономика дәуірінде мемлекеттердегі халық саны бұрынғыдай аса маңызды болмай қалатын сияқты. Жасанды интеллект заманына бейімделе білген, соған қарап тіршілігін түзген, тіпті, жаңа үдерістерге нақты әрі белсене қатысқан елдер ғана табысқа жетпек. Сондықтан Қазақстан цифрландыру ісін қарқынды дамытып, жеке және қоғамдық өмірдің барлық саласына жасанды интеллектіні енгізе бастады.

Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру — айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді. Ең бастысы — бұл жоспарлар жұртты құр уәдемен жарылқайтын тұсауесер рәсімдері мен форумдардың көлеңкесінде қалып қоймауы керек. Біз пиар-акциялар мен көз алдайтын жалған ілгерілеуге емес, нақты жетістікке ұмтылуымыз қажет.

Цифрландыру және жасанды интеллект жылын сан қуып, ұрандатып үйіп жариялаған жолқыз. Бұл шешім бүкіл мемлекеттік аппаратқа нақты міндет жүктеп отыр. Бұл — стратегиялық міндет. Сондықтан мемлекет үшін айрықша маңызды осы міндетті орындауға қатысты талап та өте жоғары болмақ. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі нақты әрі көзге көрінетін көрсеткіштермен өлшенуі тиіс. Атап айтқанда, шешім қабылдау мерзімін қысқартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етуі керек. Дегенмен, басқару ісінде белең алған берекесіздікті озық технологиялар өз бетімен жойып жібере алмайды. Мұны жете түсінген абзал. Жұмыс әуел бастан дұрыс жолға қойылмаса, бірін-бірі қайталайтын міндеттер көбейіп, қағазбастылық шаруаға кедергі келтіре берсе, жасанды интеллектіні енгізу арқылы бәрін әп-сәтте жеңге келтірмейін деу — бос зүресілік. Сондықтан цифрлық өзгерістер стратегиясын жүзеге асыру үшін алдымен басқару жүйесін реттеп алу қажет. Осыған орай, шұғыл міндет туындап отыр: мемлекеттік сектордағы жұмысты ұйымдастыру мәдениетін жақсартып, оған басқару саласындағы озық тәжірибелер мен құзыреттерді енгізу керек. Цифрлық шешімдердің және жасанды интеллект технологиясының көмегімен барлық саладағы мемлекеттік басқару ісінің сапасын арттыруға мол мүмкіндік бар. Соны дұрыс пайдаланған жөн.

Жоғары технологияға негізделген, энергияны көп қажет етпейтін жаңа экономика құру үшін, ең алдымен, мықты инфрақұрылым қалыптастыру қажет. Логистика саласында алдымен көрінген жерге қойма салынып, содан кейін ғана оған аса маңызды инженерлік жүйелер тартылып жатады. Осындай қателіктерге жол бермеу керек. Оның үстіне, мұндай нысандар бөріне бірыңғай талаптарға сай келе бермейді. Соның салдарынан шығын көбейіп, ауқымды жұмыстың мән-маңызы жоғалады. Бұл — басқару ісіндегі сауатсыздықтың көрінісі. Сондықтан мұқият ойластырылған әрі ортақ ұстаным болуы қажет. Барлық IT инфрақұрылымның сенімді, үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қуатты дата орталықтар салуға арналған арнайы аймақтарды алдын-ала анықтап алу керек. Деректерді талдау орталықтарын дәл сондай жерлерге салу қажет. Мұндай орталықтарда қуат көздері, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және салқындату жүйесі болуға тиіс.

Үкімет Павлодар облысының әкімдігімен бірге Екібастұз бассейнінің энергетикалық қуатын пайдалана отырып, «Деректерді өңдеу орталығы алқабын» жасауды жоспарлап отыр. Бастама жаман емес, оның қаншалықты табысты жүзеге асырылатынын көре жатармыз.

Біз атом стансаларының құрылысы аяқталғанын күтпей-ақ, жаңа қуат көздерін іске қосуды қолға алуымыз керек. Сондай-ақ дата-орталықтар металлургия комбинаттары сияқты көп мөлшерде энергия тұтынатынын



қаперде ұстаған жөн. Сол себепті, қуат көздерінің жеткілікті болуын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың аса маңызды бөлігі ретінде қарастырылуға тиіс. Қазақстанда 123,1 миллиард киловатт-сағат көлемінде электр қуаты өндіріледі. Барлық жоспарымызды табысты орындауға бұл жеткілікті. Мен мұны Қауіпсіздік Кеңесінің жақында өткен отырысында дақты атап өттім. Басқаша айтсақ, біз еліміздің әлемдік бәсекедегі артықшылықтарын тиімді пайдалана алмай отырмыз.

Қазақстанның 33 миллиард тоннаға жуықтайтын орасан зор көмір қоры бар. Қазіргідей қарқынмен өндіре берсек те, көмірдің қоры 300 жылға жетеді. Елімізде жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Бұл көрсеткіш бойынша әлемде алдыңғы қатардағы мемлекеттердің қатарына кіреміз. Көмір — біздің стратегиялық активіміз. Оның қоршаған ортаға зиянын түгел жоятын заманауи технологияны қолданып, көмірді толық пайдалану керек. Президент Трамп «Маған жел емес, көмір ыңғайды» деп дұрыс айтты. Мұнда ақиқат бар. Көмірмен қуат өндіру ісін Ұлттық жоба мәртебесі берілуіге тиіс. Үкіметке Ұлттық жобаны әзірлеп, 20 наурызға дейін қабылдауды тапсырамын.

Кекшетау, Семей және Ескемен қалаларындағы жылу электр орталықтарының құрылысын тездету қажет. Оның қай-қайсысы да — маңызды жобалар. Бұл мәселе шешімін таппай, тиім созбалаңға түсіп кеткенін мойындау керек. Ал жұртшылық оны асыға күтіп отыр. Мен Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорының жұмысына сын-ескерте айттым. Құрчатовтағы электр станциясы мен Екібастұздағы 2-ГРЭС-тің қосымша энергоблоктарын уақтылы іске қосу, 3-ГРЭС-тің құрылысын бастау қажет. Энергетика жүйесінің орнықты болуын қамтамасыз ету үшін теңгерімді қуат көздерін тезірек іске қосу қажет. Бұл — ең алдымен газдан қуат өндіруге қатысты мәселе. Жаңа кең орындарын іздеу арқылы табиғи газ өндіру ісінің әлеуетін арттыру керек. Өкінішше қарай, көгілдір отын өндірісі экономикамыздың күн өткен сайын өсіп бара жатқан сұранысын өтей алмай келеді. Бытырдың езінде тауарлы газ импорты 18 пайызға өсіп, 4,5 миллиард текшеметрге жетті. Соған қарамастан, жаңа газ кеніштерін ашу жұмыстары жол баяу жүріп жатыр. Бұл — тиімсіз жоспарлаудың тікелей салдары. Қазіргі ерекше жағдайда бұған мүлдем жол беруге болмайды. Мен QazaqGaz басшылығына жеке қаражат есебінен және инвесторларды тарту арқылы болашағы зор ұчаскелерді игеруге кірісуді тапсырдым. Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге геологиялық барлау жұмыстарын жандандырып, жаңа көмірсутегі кеніштерінің игерілуін қамтамасыз етуге тиіс. Газ өңдеуге қатысты ірі жобалардың дер кезінде іске қосылуын қатаң бақылауға алған жөн. Бізге құр ниетті ғана танытатын құжаттар емес, нақты нәтижелер керек.

Энергетика жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін тағы бір маңызды резерв — еліміздің су ресурстары. Оның әлеуеті тиісті деңгейде пайдаланылмай отыр. Ашығын айтсақ, осы аса маңызды бағыттағы жұмыстар бей-берекет жүргізіліп жатыр. Еліміздің қолда бар су қорына шұғыл түрде нақты бағалау жасаған жөн. Өйткені кеңес заманынан қалған мәліметтер өлдеқашан ескірді. Ғылым академиясындағы ғалымдарымыз қайда? Олар нәліктен осы уақытқа дейін еліміздің су қорына қатысты баға бермеген? Қазақстанның су-энергетика ресурстарын шынайы көрсететін карта әзірлеу қажет. Уақыт күтіп тұрмайды. Бұл құжаттарды әзірлеу жұмыстары гидроэнергетиканы жедел

дамытуға кедергі болмауға тиіс. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры кейбір гидротехникалық нысандардың тиімділігін арттыру үшін оны сенімгерлік басқаруға беру мәселесін шешуі қажет.

Көлік-логистика кешеніне де бас-а назар аудару керек. Оны дұрыс дамытпасақ, ел экономикасын тұрақты өсіру мүмкін емес. Қазақстанның орасан зор транзиттік әлеуеті бар. Алайда, осы әлеуетті толық пайдалану үшін қыруар шаруа атқару керек. Елімізде қызу жұмыс қолға алынды. Мындаған шақырымдық автокөлік жолдары мен темір жолдар салынып, жөнделіп жатыр. Басты бағыттардың талапқа сай емес тұстары ретке келтірілуде. Вокзалдар, теңіз және әуе порттары, сондай-ақ құрғақ порттар жаңғыртылып, кей жерде жаңадан салынып жатыр. Мультимодальды тасымал түрі де дамып келеді. Автокөлік тасымалы саласы да аса маңызды. Елдегі автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту — айрықша маңызды міндет. Бұл біріншіден, Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы транзит дәлізі ретіндегі рөлін арттыра түседі. Екіншіден, облыстар арасындағы көлік байланысын барынша жақсартыды. Жақында Қызылорда — Жезқазған жолының Қызылордаға тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы — шамамен 400 шақырым. Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар басталады. «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» — Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда — Ақтөбе арасындағы бөлігі — тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды көңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолқаты жаңа күре жолдың құрылысы басталады. Қазіргі жолдың көбі облыстардың ішкі жолы болып қала береді. Сондай-ақ мен бытырғы Жолдауымда «Бейнеу — Сексеуіл» жолының құрылысын тездетуді тапсырағымды білесіздер. Ондағы жұмыстар да биыл басталмақ. Жоба жүзеге асқан соң «Орта дәліздің» қашықтығы 900 шақырымға қысқарады, яғни Ақтау, Құрық порттарына тура жол ашылады. Қарағанды — Жезқазған бағытындағы жол талай жылдан бері тозып тұр. Биыл ескі жолдың капталына екі жолқаты жаңа жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолғақ ету жоспарлануда. Бұдан бөлек, Сарыағаш маңындағы көлік қозғалысы да өте тығыз. Сондықтан осы жылы «Сарыағаш айналама жолының» құрылысы қолға алынады. Барлық жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалуын тікелей бақылауда ұстайтын боламын. Себебі бұл жобалар Қазақстанның халықаралық көлік-логистика орталығы ретіндегі әлеуетін мейлінше нығайта түседі. Автокөлік жолдарымен қатар темір жол инфрақұрылымын да кеңейтіп, жақсарту жұмысын жалғастырган жөн. Бұл — тасымал жолдарының өзара байланысы тұрғысынан алғанда өте маңызды мәселе. Бытыр «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Алматыны айналып өтетін темір жол құрылысы аяқталды. Мұның бәрі еліміздің транзиттік әлеуетін айтарлықтай көтерді. Быыл «Қызылжар — Мойынты» және «Дарбаза — Мақтаарал» теміржол желілері салынады. Сондай-ақ «Алтынкөл — Жетіген» және «Жезқазған — Сексеуіл» бағыттары бойынша теміржол ұчаскелері жаңғыртылады.

Әуе жолдарын дамыту ісі Қазақстан үшін өте маңызды. Жаңа халықаралық рейстерді іске қосу қажет. Бұл — экономикалық мәселе ғана емес, азаматтары әлемді емін-еркін аралайтын ашық қоғамы бар мемлекет өкенімізді білдіретін қадам. Еліміздің аумағында оннан астам халықаралық көлік дәлізі бар. Бұл — оң үрдіс, оны барынша дамыту керек. Дәл осы кезде Қазақстан өзін халықаралық көлік-транзит дәлізі ретінде танытуға тиіс. Жаһандық логистика картасынан лайықты орнымызды иелену үшін жүйелі жұмыс және айқын іс-қимыл стратегиясы керек. Үкіметке авиация саласында, соның ішінде әуемен жүк тасымалдау ісінде нақты нәтижеге жету міндеті жүктелді. Мөңіңше, еліміздің өлі күнге дейін Еуразияның әуемен жүк тасымалдайтын орталығы бола алмай отырғаны — кешірілмейтін қателік, қарапайым тілмен айтсақ, бұл — нағыз абсурд. Үкімет жүк тасымалдайтын мемлекеттік әуе компаниясын құру барысында қате шешім қабылдады. Неге екені белгісіз, бұл міндетті «Қазақстан темір жолы» компаниясына жүктеді. Егер Үкімет тапсырманы орындауға қауқарсыз болса, бұл жұмысты жеке құрылымдарға өткізіп беріңіздер.

Тааюда өткен кеңейтілген кеңесте авиатөйменнің қымбаттығы осы саланың дамуына кедергі болып отырғаны айтылды. Оның бағасы тым қымбат, көрші елдердің әуежайларындағы бағамен бәсекелесе алмайды. Әзіміз 100 миллион тонна көлемінде шікі мұнай өндіретін ел бола тұра, қара алтынны жоқ мемлекеттермен авиакеросин бағасы жағынан таласқа түсе алмай отырмыз. Бұл ақылға сыймайды ғой?! Осы ретте, еліміздегі танымал экономистерге де, энергетиктерге де айтар қатаң сын-ескертепм бар. Кадрлық шешім қабылдау қажет болуы да мүмкін.

Біздің басты стратегиялық мақсатымыз — экономиканың сапалы өсу қарқынын бәсеңдетпеу. Сол үшін инфляцияны төмендетуге қатысты жұмыстар қолға алынды, жаңа инвестициялық кезең басталғаны жарияланды. Басқа да шешімдер қабылданды. Экономика және бизнес саласы жаңа салық режиміне көшіп жатыр. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар дисконтқа жүйедегі өзгерістің елді тұрмысқа қатысты әсерін бақылауда ұстайтын болды. Жуырда «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда мен бұған қатысты өз ұстанымымды айттым. Білім саласын мемлекет тарапынан қаржыландырудың қазіргі тәртібі бұрмаланған. Бұл олқылықты уақыт оздырмай түзету қажет. Жекеменшік мектептерге жүргізілген аудит нәтижесінде заңсыз және негізсіз шығындарға байланысты құқық бұзушылықтар анықталды. Бұл түйткіл жан басына сәйкес қаржыландыру жүйесінің осалдығынан туындап отыр. Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді. Қаржыландырудың нақты критерийлерін әзірлеу керек. Осы орайда, орта білім беру жүйесін дамыту ісінде бизнес саласы маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн. Мұндай, тіпті бұдан да зор мәселелер денсаулық

сақтау саласында да туындап отыр. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысын жан-жақты тексеру барысында көптеген заңбұзушылықтар мен қызмет бабын асыра пайдалану жайтары анықталды. Мемлекеттен қыруар қаржы жымқыру үшін көпекөрнеу жалған деректер ұсынылған, өтірік мәліметтер енгізілген. Бүкіл ел экономикамызды өркендетіп, инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмылдырып, денсаулық сақтау саласын дамытуға қаржысын жұмсап жатса, әлеуметтік салаға бөлінген орасан зор қаражат талан-таражға түсуде. Медицина саласын дамытуға мемлекет 2024-2025 жылдардың өзінде 7,8 триллион теңге бөлді емес пе?! Түсінікті болуы үшін айтайың, бұл — 15,5 миллиард доллар деген сөз. Мемлекеттің білім беру және денсаулық сақтау саласына жұмсап жатқан қаржысы, ең алдымен, азаматтарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға арналатынын және Әділетті Қазақстанды қорғау стратегиясымен ұштасып жатқанын түсінген абзал.

Құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың қитұрқы амал-айласын тауып, пайдаға көнеліп жатқандарды анықтау тапсырылды. Мен Үкіметтің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігіне беру туралы шешімін қолдаймын. Әлеуметтік сала басшыларының біліктісідігі мен мемлекет мүддесіне нәміқұрайлы қарауының салдарынан Қорда осындай жағдай орын алып отыр. Бұл жағдайда патриотизм туралы сөз қозғаудың өзі артық. Сондықтан шенеуніктер адал болуға тиіс деген талап жалпы мемлекеттік ауқымдағы өзекті міндет болып қала береді. Шектен шыққан алаяқтар ұлттық қауіпсіздігімізге шындап қатер төндіруге айналады. Медициналық сақтандыру қорында қомақты қаржы қолды болса, сол уақытта «Жедел жәрдем» қызметкерлері мен фельдшерлер алаяқтардың арбауымен наразылық акциясына шығады, әлеуметтік талаптар қояды.

Біздің азаматтарымыз алаяқтардың құрбаны болып жатыр. Көптеген адам адал еңбекпен тапқан табысынан айырылуда. Алдауға сеніп, қылмыстық қаржы операцияларының қақпанына түсіп жатыр. Әлемде иммиграциялық алаяқтық та қатты ұшығып тұр. Еуропа мен АҚШ-та не болып жатқанын баршаңыз көріп-біліп отырсыздар. Бұл мәселе біздің еліміз үшін де өзекті. Себебі уақыт өткен сайын Қазақстан шетелдіктердің жұмыс істеуіне және тұрақтап қалуына қолайлы елге айналып келеді. Құқық қорғау органдары Қазақстан аумағында шетелдіктердің тұрақты тұруын заңдастыру үшін заңсыз құжат әперумен айналысқан алаяқтардың қылмысын әшкереледі. Экономикалық немесе әлеуметтік саладағы алаяқтық қылмыстарға қарсы күресті күшейту қажет. Сондай-ақ ұсақ бұзақылардан, вандалдар мен ұрылардан бастап, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне және қоғамның тыныштығын бұзғысы келетін арандатушыларға дейін, қысқасы, заң мен тәртіпті бұзғандардың бәрін батыл түрде жауапкершілікке тарту қажет. Бұл — өте өзекті әрі ең басты міндеттің бірі. Цифрландыру үдерісі барлық жерде жаппай жүргізіледі. Сондықтан дербес деректерді заңнамалық тұрғыдан қорғауға, азаматтардың қаржылық және цифрлық сауатын арттыруға ерекше көңіл бөлу керек.

Тағы бір өзекті мәселе — халықаралық ахуал шиеленісіп тұрған заманда стратегиялық экономикалық серіктестерімізбен тиімді байланыс орнату. Біздің ұстанымымыз айқын. Қазақстан экономикалық интеграцияны қолдайды, осы үдеріске белсене атсалысады.

еңбекқор адамдардың елі болуға тиіс

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі

Бірақ бұл ықпалдастық біздің мүддеміз тұрғысынан қарағанда әділ болуы керек. Биыл Қазақстан Еуразия экономикалық одағына төрағалық етеді. Біз еуразиялық ықпалдастықтың тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллекттің енгізу мәселесіне басымдық береміз. Саудадағы көдергілерді жою, негізсіз протекционизмге қарсы күресу жұмыстары жалғаса береді. Мәселен, еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласы орынсыз қысымға ұшырап отырғанын қалыпты жағдай деуге болмайды. Еуразия экономикалық одағының құрамындағы мемлекеттердің субсидия берілетін өнімдері көбейіп кеткендіктен, отандық тағам өнеркәсібінің өкілдері өнім өндіруді азайтуға мәжбүр. Ал бұл – біз үшін азық-түлік қауіпсіздігінің мәселесі. Сондықтан интеграцияның әділ жүргізілуі қажет екенін айтып отырмын. Үкімет ұлт мүддесін қорғау үшін барынша белсенді жұмыс істеуге тиіс. Тараптардың мүддесі әділ ескерілетін орта тұсты тауып, Қазақстанның ұстанымын дәйекті, кәсіби түрде қорғау қажет. Сонда ғана экономикамызды халықаралық нарықтағы бәсекеге барынша қабылетті ете аламыз.

Қымбатты жиыңа қатысушылар!

Біз мүлде жаңа құбылыстардың пайда болғанына куә болып отырмыз. Өзіміз де, кейінгі ұрпақ та бұған бейімделуіне тура келеді. Басқаша айтсақ, бұрын мүмкін еместей немесе адам сенгісз көрінетін нәрселер қазір қалыпты жағдайға айналуда. Халықаралық құқық көз алдымызда қадір-қасиетінен айрылып жатыр. Дүние жүзінде сенім дағдарысы күшейе түсті. Әлемде әскери шығындар рекордтық деңгейге, яғни үш триллион долларға жетті. 2035 жылға қарай бұл көрсеткіш тағы еселеп өсуі мүмкін. Күн өткен сайын өрши тұсын милитаризация халықаралық қоғамның әлемде әділ тәртіп құруға бағытталған күш-жігерін жоққа шығарып жатыр. Осындай күрделі жағдайда сыртқы саясаттың мән-маңызы арта түседі. Ол барынша теңгерімді болып, мемлекеттің стратегиялық мүддесін қорғауға және ілгерілетуге бағытталуы керек.

Жалпы, дипломатияда бұрыс шешімнің салдары өте ауыр болады. Мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүдделеріне орын толмас нұқсан келуі ықтимал. Бізге бұл жағдай жақсы таныс. Экономика саласында бір жоспарды немесе тұжырымдаманы басқа бір бағдарламалық құжатпен алмастыруға болады. Ал халықаралық шарттарға қол қойған соң одан бас тарту алмайсыз. Айтылған сөз – атылған оқ!

Біз дипломатияның халықаралық қақтығыс пен дау-дамайға апаратын еш бөлмес, мәмілеге, келісімге келудің еш жолын жоқ, ең маңызды құралы деп білеміз. Кәсіби ұстаным мен шынайы ниет болса, кез келген қақтығыстың түйінін тарқатуға болады. Мен Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдадым. Мұндай келісімдерді Президент Трамппен тарихтың астарын және қазіргі саяси ахуалды терең түсінуден туындаған дипломатиялық инновация деуге болады. Таяу Шығыста бейбітшілікті мықтап орнатуға арналған Ибраһим келісімдеріне қосылу жөніндегі шешімінің дұрыс екеніне сенімді және оны жүзеге асыруға бар күшін салады. Бұл келісімнің түпкі мәнін түсіну үшін оның атауына назар аударуымыз керек. Авраам, яғни, Ибраһим дін тарихында иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ пайғамбар болып есептеледі. Еліміз бүкіл адамзатты біріктіретін құндылықтарға арқа сүйеуге тиіс. Біз түрлі халықтар мен дін өкілдері арасында татылық болғанын қалаймыз. Сол себепті, осы келісімге қосылғанымыздың мән-мағынасы ерекше, бұл шын еліміздің халықаралық беделіне оң серпін береді.

Қазақстан – жауапкершілігі жоғары «орта дегержа» және жер көлемі бойынша ислам әлеміндегі аса ірі мемлекет. Біз баршаға түсінікті, яғни ақылға қонымды және әділ саясатты қағаймыз, осы ұстанымды әрдайым сақтаймыз. Сыртқы саясаттағы іс-әрекетіміздің бәрі бір ғана мақсатты көздейді. Ең бастысы, Қазақстанның жерінің тұтастығын, қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз етуіміз керек. Қазақ мемлекетінің басшысы ретінде мен үшін Тәуелсіздік – бәрінен қымбат! Бұл – мерейіті кезіндегі уран емес, қазіргі дүрбелеңге толы заманда ұлттық стратегиямыздың негізгі қағида-сы. Мен «Тәуелсіздік дегеніміз – ең алдымен, жалпұлттық бірлік пен келісім» екенін үнемі айтып жүрмін. Біз ел бірлігін қамтап, есіп-өркендеген, абырой-беделі жоғары әрі қуатты мемлекет құруды басты міндетіміз деп санауымыз қажет. Осы мақсатқа стратегиялық тұрғыдан қарап, парасатты, дана халық екенімізді көрсетуіміз керек. Бұрын да айтқам, қазір де атап өткім келеді: Біз «тарихи жарақат алған» ұлт психологиясынан біржола арылуымыз керек. Басқа түскен қайғы-қасіреттің бәрін өзге халықтардан көру, ұлтымыздың маңдайына жазылған ашы тағдыр туралы бітпейтін пікірталастар жүргізу – кешегі күнмен өмір сүру деген сөз. Бүкіл өлем өзгеріп жатыр, бізге де өзгеретін уақыт келді. Біз – болашағы жарқын, жолы ашық жас мемлекетпіз. Сондықтан уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүруіміз керек.

Әлем барлық салада бірдей үлкен өзгеріске ұшырайды. Саясат пен экономикадан бастап, климат пен технология дейін, бәрі өзгереді. Мұндай

жағдайда біз де батыл әрі тосын инновациялық шешім қабылдай білуіміз, еш нәрседен қорықпауымыз керек. Мен Үкімет мүшелеріне «Егер әлдекімнен немесе әлденеден қорықсаңыздар, маған қызметтік хат жазыңыздар. Егер сіздер қабылдаған шешімнің, иә болмаса ұсыныстың пайдасы болатынын байқасам, оң резолюция қоямын» деп ескерттім. Осы үндеуді, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілерге, кәсіпкерлер мен ғалымдарға қарата айтып отырмын. Үлкен әрі түбегейлі өзгерістер уақыты келе жатыр, тіпті, басталып кетті деуге болады. Еліміз жаңа тарихи әлемнен лайықты орнын иеленуі қажет.

Қымбатты достар!

Биыл Қазақстанның келешегіне тікелей ықпал ететін аса маңызды жыл болады. Мен мұны жақында «Turkistan» газетіне берген сұхбатымада атап өттім. Еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Алдағы парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық. Жолдауымда бір палаталық Парламент құру туралы бастама көтергенімді білесіздер. Бұл аса маңызды мәселе қоғамда кеңінен талқыланды. Мен былтүр 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойдым. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Елдік іске бей-жай қарамайтын басқа да азаматтарымыздың бұл талқылауға қатысуы өте маңызды. Сондықтан е-Ötinish платформасы мен Egov порталында «Парламенттік реформа» деген арнайы бөлім ашылды. Азаматтарымыз осы мәселеге қатысты өздерінің ой-пікірін білдіріп, ұсыныстарын жолдады. Жұмыс тобы келіп түскен ұсыныстарды жинақтап, зерделеп, парламенттік реформаны барлық жағынан қарастырды, өте маңызды жұмыс атқарды. Бұл бағыттағы шаруаның бәрін өзін тікелей бақылауда ұстадым. Былтыр қазан айының ортасында Жұмыс тобының алғашқы отырысын өткіздім. Желтоқсанның 2-сі және 29-ы күндері тағы екі жиын болды. Жаңа жылдан бастап Жұмыс тобының мүшелері 3 рет бас қосты. Соңғы отырыс күні кеше ғана Құрылтай қарсаңында өтті.

Бір сөзбен конституциялық реформа туралы қызу талқылаулар жарты жылға жуық уақыт бойы жүріп жатыр. Бір палаталы Парламентке көшу туралы бастаманы халық қолдап отыр десек, ешқандай қате болмас. Қоғамдық пікірді білу үшін тұрақты түрде жүргізілген сауалнамалар және жұмыс тобының қортындысы да осы пайымға келіп тоғысады. Депутаттар мен партия фракцияларының жетекшілері жақында аймақтарды аралап, сайлаушылармен кездесіп қайтты. Олар халықтың осы бастамадан хабардар екенін және реформаны қолдап отырғанын айтуда. Бұл жерде қандай да бір пікір қайшылығы жоқ.

Жалпы бағыт-бағдарымыз – айқын. Алдағы өзгерістерге қатысты ортақ мәміле бар. Жұмыс тобы барлығын жан-жақты сараптап отырып, нақты пайымдары мен ұсыныстарын ортаға салды. Негізгі пікірталас «Жаңа Парламент қандай болады, неше депутаттан тұрады? Құрылымы қандай болады және қалай жұмыс істейді?» деген сауалдар жөнінде өрбіді. Бұл терең зерделеп, жан-жақты сараптап, өлшеп, байыппен түпкілікті шешім қабылдайтын аса маңызды, тіпті, шешуші мәселе болды дер едім.

Қазір мен Ұлттық құрылтайдың төрінен сіздерге Жұмыс тобында талқыланған негізгі ұсыныстарды таныстырамын келеді. Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірмді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтертім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын. Ал депутаттар санына келсек, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды үкелдік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арттыру қажет деді. Біздің негізгі мақсатымыз – шын мәнін де тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жаңа заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан, мәселе – санда емес, сапада! Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар – білікті мамандар отыруға тиіс!

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің маңдат саны 145 болуы керек деген бәйламға келді. Жаңа Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек. Ұсыныстардың екінші бөлігі Парламенттің негізгі мемлекеттік органдардың құрамын жасақтау ісіндегі құзыреті туралы болды. Қазіргі Конституцияға сәйкес Конституциялық соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясы

сының құрамын жасақтау құзыреті Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді осы маңызды мемлекеттік құрылымдардың барлық мүшесі Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылды. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы соттың барлық судьяларын сайлау құзыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Бұл – билік тармақтары арасындағы тежемілік тепе-теңдік жүйесін нығайту және ұлттық парламентаризмді дамыту жолындағы маңызды қадам.

Ұсыныстардың үшінші бөлігі жаңа Парламентті жасақтау тәртібі туралы болды. Депутаттар енді пропорционалды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Кейбір партиялар Парламенттің қатар барлық деңгейдегі мәслихаттарды пропорционалды жүйемен жасақтауды ұсынғанын білемін. Бірақ аймақтарда мажоритарлық жүйені сақтап қалу керек деп ойлаймын. Еліміздің өңірлерінде жергілікті азаматтардың дауыстары, пікірлері жақсы естілуі қажет. Бұл – мен үшін айқын ұстаным.

Талқылау кезінде маған Парламенттегі Президент квотасын қалдыру керек деген ұсыныс айтылды. Бірақ мен жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес екеніне сенімдімін. Депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» болмауы керек. Олар бөріне бірдей, ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталды. Осы ұстаныммен жастарға, әйелдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квотаны қоса алып тастауды ұсынғандар болды. Бірақ бұл мүлде басқа мәселе. Бұл квота – әлеуметтік әділдік қағидатының айқын көрінісі, сондай-ақ еліміздегі барлық қоғамдық-саяси өкілдерді ескеретін маңызды талап. Сол себепті, осы квоталарды өзгеріссіз сақтап қалуды ұсынамын. Бұған қоса, партиялардың Парламентке өту жөнісін қазіргі бес пайыздан жеті пайызға қайтары қажет деген пікір айтылды. Бұл ереже кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасымен қабылданған болатын. Бес жыл бұрын енгізілген осындай өзгерістер сайлау заңнамасын жақсартуға едәуір септігін тигізді. Межені төмендету арқылы Парламенттегі ірі саяси күштердің үстемдігін азайтып, партиялар арасындағы бәсекені күшейтуді мақсат тұтқан едік. Бүгінгі таңда осы норманың тиімділігіне көзіміз жетті. Ел тарихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі – соның айқын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібін рәсімдеріне қатысты болды. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедураны ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Қушті Президент» ықпалды Парламент – есел беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да – осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мазғынас негізі болмақ. Түптеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынын күшейтіп, сапасын жақсарту түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұған кәміл сенемін.

Мен реформалар қоғамның қажеттілігі мен мемлекеттің даму жоспарына сәйкес үздіксіз жалғаса беретін үдеріс екенін бұған дейін бірнеше рет айттым. Өзгеріс жасау мәселесі әбден пісіп-жетілгенін Жұмыс тобы аясында өткен талқылаулардың қорытындысынан анық байқауға болады. Біз заңгерлер мен сарапшылардан қоғам белсенділерінен парламенттік реформға қатысты бес жүзден астам ұсыныс алдық. Еліміздің жалпы конституциялық құрылымына қатысты ұсыныстар саны бұдан үш еселей көп болды. Оның ішінде Жұмыс тобының құзыретіне кірмесе де, нақты негізде-месі бар, мұқият қарастыруды қажет ететін мәселелер де болды. Мысалы, қоғамды өңірлер мен этномендік бірлестіктер өкілдерінің мемлекеттік билік жүйесінде болуына қатысты жайттар алаңдатады. Бұл жайында депутат бүгін Пономарев баяндады. Мұның елеусіз қалдыруға болмайтын маңызды мәселе екені сөзсіз. Сондықтан оған мемлекет мүддесін ескере отырып, зор жауапкершілікпен қарау қажет. Жоспарланған өзгерістің бәрі үйлесімді болып, бірін-бірі толықтырып отыруы керек, ешқашан өзара қайшылыққа өкел соқтырмауға тиіс.

Қазақстандағы бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағидаттарға негізделген. Елімізде билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың

қалыптасқан дәстүрі бар. Менің мызғымас ұстанымым – осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсу қажет.

Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платфор-ма немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консуль-тативті құрылымдардың оң тәжіри-белерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді. Қазақстанның Халық Кеңесі мемле-кеміміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Ке-ңесті 126 адамнан жасақтап, оған этно-модені орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайын-далатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

Халық Кеңесіне заң шығаруға бас-тамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтар-лықтай арттыратыны сөзсіз. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы ре-лін атқарады. Қазақстан халқы Ас-самблеясының этносаралық және кон-фессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске бе-ріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның не-гізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конститу-цияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дестүрлі діндер көшбасшыларының сөзін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гу-манитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Ке-ңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлігімен же-не конституциялық заңмен реттеледі.

Кәсіби заңгерлер Ата заңның мәті-ніне қатысты пікірлерін білдірді. Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар ау-дарды. Атап айтқанда, Мемлекет бас-шысын сайлау мәселесі бойынша ма-ңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтындай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Се-нат төрағасына беріледі. Сенат төра-ғасының мемлекетті басқаруға мүм-кіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте, мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәсе-лені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде ке-зектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгі-ленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.

Еліміздің кез келген басшысы би-лікке сайлау арқылы, яғни заңды түр-де келуі керек. Бұл – мен үшін мыз-ғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өз-гермейтін қағида болуға тиіс! Сонымен қатар Конституциямыздың мәтінінде жекелеген қателер бар анықталды. Кезінде терминологиялық, стильдік кемшіліктерге жол берілген. Консти-туциялық реформа аясында осы ол-қылықты да түзеуіміз керек. Бұл жұ-мысқа заңгерлермен қатар, білікті тіл мамандары шақырылады. Тағы бір маңызды мәселе. Біз Ата заңның Преамбуласын ұлттық құндылықта-рымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретін-дей етіп қайта жазуымыз керек. Онда қазақ жеріндегі өркеніет пен мемле-кеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс. Сол арқылы біз Қа-зақстанның Ұлы даладағы ұлы мемле-кеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек. Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде, Преамбуланың жаңа мәтініне құқықтық мемлекет құруға, сондай-ақ табиғатты аялауға және қоршаған ор-таны қорғауға қатысты қағидаттарды енгізу керек деп санаймын. Мемлекет құрылысына қатысты осы қағидаттың бәрі – ешқашан ескірмейтін, әрдайым өзекті болып қала беретін және қайта қарауға жатпайтын мызғымас қағи-

даттар. Біз Ата заңда еліміздің зайыр-лы мемлекет екенін әйгілейтін норма-ларды сақтап, күшейте түсуіміз қажет. Конституциямыз заман талабына сай болуы керек.

XXI ғасырда цифрландыру үдерісі өте жылдам жүріп жатыр, тұрақты және аса қарқынды сипатқа ие бол-ды. Жоғары технология адамның құн-делікті өміріне, құқықтары мен бос-тандықтарына тікелей әсерін тигізе бастады. Болашақта бұл үрдіс үздіксіз жалғаса беретіні анық. Сондықтан еліміздегі цифрландыру үдерісінің институционалдық-құқықтық негізі Ата заңда міндетті түрде аталып өтуі қажет. Конституцияда азамат-тардың дербес цифрлық деректері заңмен қорғалатыны нақты айты-луы керек деп санаймын. Мен өзірге келіп түскен ұсыныстардың негізгі тұстарына тоқталып өттім. Осылай-ша, конституциялық реформаның жалпы сұлбасы шығып келеді. Жарты жыл бойы өткізілген пікірталастар мен талқылаулар көзінде алдағы ре-формаға қатысты басты ұстанымдар айқындалды. Бұл ұстанымдар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тиісті байланыс арналары арқылы халықтан келіп түскен идеялар мұ-қият сараланды. Ойға қонымды бастамалар барынша ескерілді. Ха-лықтың қолдауына ие болса, Қазақ-станның мемлекеттік құрылысының жаңа кезеңі басталады.

Құрметті Құрылтай мүшелері!

Сіздердің әрқайсысыңыз ауқымды реформаларды жүзеге асыруға бел-сенө атсалысып жүрісдеріз. Елдегі өзгерістердің логикасын жақсы түсіне-сіздер. Саяси жаңғырудың басты мақ-саты – Қазақстанның әлеуетін арттыру және мемлекеттілігіміздің қазіргі за-маны сын-қатерлерге дайындығын күшейту. Үстірт өзгерістер жасау ма-ңызды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды. Үстірт өзгерістер жасау ма-ңызды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабыл-дадық. Заң үстемдігін нығайтып, құ-қықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азамат-тар мен кәсіпкерлердің пайдасына ба-зырды емес. Мемлекеттік институ-тардың түпкі мәнін өзгерту және олар-дың өзара байланысын жақсарту маңызды. 2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде біз саяси жүй

Бырсы Жері жомарт Жалағаш

Жалағаш елінің үлкендері айтатын «Шегіртке де Аламесек деп ұшады» деген сөз бар. Өйткені аудан құрылмай тұрып, Аламесек елді мекені 1925 жылы болыстық атқару комитеті, ал 1928-1930 жылдары аудан орталығы болыпты. Негізгі іргесі ХІХ ғасырда қаланған. Жанында өзімен аттас көл де болған деседі. Ал деректерде Қазалы, Төрткүл, Шымбай уездерінің саудагерлері мұнда жиі жәрмеңке өткізгені, жер-жердегі халық қатынасы жақсы дамығаны айтылады. Базарлаған жұрттың Аламесекке көп келетіні де сол. Ел аузындағы «шегіртке де Аламесек деп ұшатыны» осындағы күж-күж қайнаған тіршілікті меңзеп тұрса керек.

Архивті ақтарсақ...

Жалағаш ауданы әу бастан суармалы егіншілікке бейімделген. Тарихи деректерде 1939жылдан кейін егінге қажетті барлық техника Қаракеткен, Қаратөбе МТС-теріне шоғырланып, сол уақыттағы егіске бейімделген 33 колхоз ерөн еңбек үлгісін көрсетіпті. 1955-1956 жылдары ауданның Сырдария жағалауындағы колхоздарын қамтитын каналдар қазылып, су жүйелерін реттейтін тоспа мен тоғандар құрылысы аяқталады. Ал жалпы 1965-1970 жылдардан бастап аудан шаруашылықтарында егіншілік мәдениеті артты. Астық бастыруда керекті техника 100 пайызға жеткен.

Ғылым мен техниканың осындай жетістіктерін тиімді пайдаланған аудан шаруашылықтары еңбек өнімділігін арттыра түсті. Бірнеше азамат Еңбек Ері атанып, озаттар мен еңбек адамдары көптеп шықты. Архивті ақтарсақ, 1984-1985 жылдары Жалағаш ауданы 84 мың тонна күрші жинағанын көруге болады. 17 800 гектардан осындай көрсеткішке жеткен. Сондай-ақ соғыстан кейінгі жылдары ауданда 10500 басқа жуық ірі қара, 83 860 бас қой-ешкі, 4 355 бас жылқы және 785 бас түйе тіркелген.

1950 жылдардың аяғында колхоздарда мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру, тұқымын асылдандыру жұмыстары қолға алыныпты. 1960 жылдарға дейін колхоздар өз жағдайына қарай орта есеппен 7-10 мың қой, мыңның үстінде ірі қара, 300-500 басқа дейін жылқы, көші-қон және өндірістік мақсатта түйе ұстаған. Сондай-ақ ауданда сүт пен май өнімі тұрақты шығып, мемлекетке өз жоспарымен күзде ет тапсыру науқаны өтіп тұрған.

Білім

Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру — басты мүдде

Жалағаш ауданы құрылған жылдан бері ел ішінде оқу-ағарту бөлімі жұмыс істейді. Кейін аудандық білім бөлімі болып қайта құрылғанды да белгілі. Кеңес дәуірінде осы салада Н.Найманқұлов, Қ.Асауов, Ұ.Еспанов, Б.Табынбаев, т.б. азаматтар қажырлы еңбек етіпті. Ал Тәуелсіздік алған соң да білім беру ісінде жоспарлы жұмыстар өз кезегімен жүрген. Бірнеше мектеп пен балабақша бой көтерді.

Қазір ауданда 20 мектеп болса, 1 255 педагог-мұғалім уақыт талабымен қызмет етіп, білім беру көшін жаңа белестерге бастап келеді. 7 мыңға жуық оқушы мектеп қабырғасында. 38 мектепке дейінгі ұйымда 1900-ға жуық бала тәрбиеленуде. Сондай-ақ Оқушылар үйі, «Өнер» мектебі және екі спорт мектебінде жалағаштық өрендер қосымша біліммен қамтылған.

Өткен жылы республикалық ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың облыстық кезеңіне Жалағаштан 106 оқушы қатысты. 22 оқушы жеңімпаз атанып, білім додасының республикалық кезеңіне жолдама алды.

— Астанада өткен олимпиадада 8 оқушымыз жеңімпаз атанды. Атап айтсақ, Айзат Тұрсынбек, Манас Құрқабай, Жайна Мұхан, Айғаным Әди, Құралай Төремурат, Ернұр Арғын, Арнұр Нұрлыбекұлы сынды шәкірттеріміз жеңіске жетті. Бұл — ауыл оқушыларының терең білімі мен тынымсыз еңбегінің нәтижесі, ұстаздардың үздіксіз қолдауы мен қажырлы еңбегінің жемісі, — дейді аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов.

Талғат Құрқабайұлының айтуынша, бытыр жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен пәндік олимпиаданың республикалық кезеңіне Жалағаш ауданынан екі оқушы қатысыпты. Олар да жүлделілер қатарынан көрінген. Сондай-ақ осы олимпиада қорытындысымен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі республикадағы «100 үздік олимпиада мектебі» рейтингісіне өнді.

Жыл басында, яғни 6-8 қаңтар аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен олимпиаданың облыстық кезеңіне ауданнан 41 оқушы қатысып, 31 оқушы жүлделі орын иеленіпті. 6 оқушы ақпан-наурыз айында өтетін олимпиаданың республикалық кезеңіне жолдама алған.

— Педагогтер арасында өткен «Педагогикалық идеялар фестивалі — 2025» байқауының облыстық кезеңінде №118 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті



Аудан еңбеккерлері алдыңғы сапта

Туған жерге тері тамған талай ердің даңқын көтерген Жалағаштан еңбек тайқазанын қайнатқан мықты майталмандарды айтпасақ болмас. Исатай Әбдікерімов, Ысқақ Жолмырзаев, Қазына Жүсіпова, Алдаберген Бисанов, Ұзақ Еспанов, Тұршабек Елеусінов, Несіпбай Әпирезов Социалистік Еңбек Ері деген сол кездегі ең жоғары мәртебелі атақты алып, кеуделеріне «Алтын Жұлдызды» тақты. Ұлмекен Төлегенова, Айнаш Балғабаева СССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Қырманда алтын дөнен тау тұрғызған дикандар мен Қарақұм мен Қызылқұм жайлауын малға толтырған шопандардың жасампаз еңбегінің арқасында бүгінгі берекелі тірліктің негізі қаланды десек, әбден болады.

Бүгінде 19 мың гектардан астам Сыр салысын өсіретін ауданда егістікпен айналысатын 162 шаруашылық бар. Жалпы Жалағаш былтыр 37 мың гектарға жуық жерге егін өкті. Күріштен өзге бидай, жүгері, арпа, мақсары, қант құмайы, соя, сұлы, жонышқа, картоп және басқа өнімдері бар. Егілген күріштің әр гектарынан 60, 1 центнер өнім жинады.

Аудандағы шаруашылықтар өздеріндегі техника паркін ұдайы жаңартып

келеді. Серіктестіктер өткен жылы 691,7 млн теңгеге 18 ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алды. Айта кету керек, барлық ауданда да су тапшылығы орын алып, бұл қиындықпен біздің аймақтың дикандары да бетпе-бет келді. Бірақ Президент пен Үкімет және облыс әкімдігінің қолдауымен өңірдегі шаруалар жаңа заманауи технологиялар мен техникаларды тиімді пайдалана отырып, жер несібесін ысырапсыз жинап алдық. Ал егін жинау қорытындысымен Жалағаш ауданы облыста «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясын жеңіп алды, — дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев.

Елде егіннен бөлек төрт түлік санын арттыруда да атқарылған жұмыс нәтижесін беріп келеді. Жалағашта мал өсірумен 138 шаруа қожалық айналысады. Ал аудан көлемінде 34 777 бас ірі қара, 27 573 бас уақ мал, 29 268 жылқы, 752 бас түйе, 10 189 бас үй құсы тіркелген.

— Аудан бойынша үш шаруашылық асылтұқымды мүйізді ірі қара өсірсе, бір шаруашылық асылтұқымды қой түлігін көбейтіп отыр. Алдағы уақытта сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында «Адап» шаруашылығы өз қаражатына сүт бағытындағы асыл тұқымды 30 бас «Симменталь» қашарын сатып алып,

2027 жылы шаруашылық жанынан сүт өңдеу цехын ашуды жоспарлап отыр. Ал «Бақдаулет-57» шаруа қожалығы Чехия мемлекетінен асылтұқымды әрі сүт бағытындағы 95 бас «Симменталь» мүйізді ірі қара аналығын сатып алды. Қазір алынған малдың 72 пайызы төлдеп, тәулігіне 700 литр сүт өндірілуде, — дейді аталған бөлімнің сектор меңгерушісі Нұржан Есенәлиев.

Айта кетейік, ауданның жер қоры 2 873 640 гектарды құрайды. Оның ішінде 591 563 гектар жер Қарағанды облысынан ұзақмерзімді пайдалануға алынған. Сонымен қатар Жалағашта 33016 гектар інженерлік тұрғыда әзірленген егіс жүйелері жұмыс істеп тұр.

Сөз соңы. Жалағашта алдыңғы толқын аға буының ізімен елге еңбек етіп, халықтың ықыласына ие болып жүрген азаматтар қазір де бар. Қазақстанның Еңбек Ері, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Имамзада Шағыртаев, «Ер-Әлі» шаруа қожалығының басшысы Әліби Бекжанов және тағы басқа азаматтарды дәл бүгінгі еңбек майданының ерлері десек жарасар. Бұлар туған жерді түлетіп, елді мекенді көркейтіп қана қоймай, жүздеген адамды жұмыспен қамтып отырғаны да — шын жанашырлық іс.

Ержан БЕКМЫРЗА

Тың бастама, оң ұсыныс: Құрылтай алдындағы келелі мәселелер

Отырысқа қатысқан зиялы қауым мен қоғам қайраткерлері өз ұсыныс-бастамаларын ортаға салды. Талқылаудың негізгі тақырыптары мәдениет пен креативті индустрияларды дамыту, әлеуметтік саланы жақсарту және отбасы құндылықтарын нығайту мәселелері болды. Балалар контентін дамыту мен анимация индустриясын өркендету жайы да тыс қалмады.

— Президент Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес, министрлікжанынан Креативті индустрияларды қолдау қоры құрылды. Қазіргі уақытта оның материалдық-техникалық базасы қалыптастырылуда, әрі қор құрылымында анимацияға арналған жеке бағыт қарастырылады. Менің ойымша, мұнда саннан бұрын сапаға мән беру маңызды. Контенттің бала психологиясына ықпалын, жас ерекшеліктерін және тәрбиелік әсерін міндетті түрде ескеру қажет. Қордың толыққанды жұмысы басталғаннан кейін анимация индустриясы тың серпін алып, қарқынды дами түседі деп сенемін, — деді Мәдениет және ақпарат министрі.

Секцияға қатысушылар мен сарапшылар ұлттық дәстүрді сақтау және «кітап оқитын ұлт» қалыптастыру қазақстандық қоғамды жаңғыртудың маңызды құрамдас бөлігі екенін баса айтты. Аида Балаева бұған қатысты аударуға және басып шығаруға ұсынылатын кітаптар тізбесін айқындайтын арнайы комиссия құруды ұсынды. Сондай-ақ заманауи жас авторлардың шығармаларын ел кітапханаларының қорына жүзілі тұрде енгізу қажеттігіне назар аударды.

Сонымен бірге «Білім және ғылым» секциясында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіретін Al-Sana бағдарламасы был да жалғасатынын айтты. Бұл — жоғары оқу орындарына дәстүрлі білім беру форматынан ғылыми-зерттеу форматына көшуге мүмкіндік. Бағдарлама жасанды интеллект бойынша базалық біліммен бастап стартаптарды кәсіби дамытуға және оларды нарықта масштабтауға дейін дамытуға арналған.

— Al-Sana бағдарламасын бытырдан бері жүзеге асырып келеміз. Осы күнге дейін 668 мың студент оқыды. Еліміздегі барлық студент бағдарлама аясында міндетті түрде жасанды интеллект курстарынан өтеді. Бұл — ең мықты курстар. Coursera, HUAWEl, Microsoft, Google тәрізді компаниялармен бірігіп, олардың курстарын қазақ және орыс тілдеріне аударып, студенттерді оқытып жатырмыз. Быыл ақпан айында бағдарламаның екінші кезеңі басталады. Соның аясында 100 мың студент жасанды интеллекттің тереңдетілген алгоритмдерін меңгереді, — деді министр.

ЖОО-лар белгіленген үлгідегі электронды сертификат бере отырып, өздері әзірлеген курстар бойынша студенттерді оқыта алады.

— Бағдарламаны одан әрі іске асыру үшін еліміздің әр өңірінен 27 «экспертті» ЖОО іріктеліп бекітілді. Оқу орындары бағдарламаны іске асыру үшін қажетті инфрақұрылым, оның ішінде ЖИ саласындағы білім беру бағдарламаларының, шетелдік серіктестердің, есептеу қуаттарының болуы сияқты критерийлер бойынша іріктелді. Бұл ЖОО-лар Al-Sana бағдарламасы бойынша студенттер мен педагогикалық оқытушы құрамын оқытуды қамтамасыз ете отырып, өз өңіріндегі және көршілес облыстардағы жобаны іске асыруға жауапты болады, — деді Саясат Нұрбек.

Al-Sana бағдарламасы жасанды интеллектті дамыту үшін қолайлы экожүйе қалыптастыруға бағытталған. ЖОО-лар қабылдау комиссиясынан бастап оқу процесін сүйемелдеу және бітірумен аяқтайтын ЖОО-ның ақпараттық экожүйесін құрайтын 9 ЖИ агентін әзірледі. Бұл жаңашылдықтан біздің Сыр өңірі де қалыс қалмады. Бұған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасындағы Сеул техникалық университетімен бірлескен ЖИ және информатика жоғары мектебін айтсақ болады.

«Азаматтық қоғам» секциясында Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Қызылорданың ел астанасы болған кезеңде алтын әріптермен жазылған оқиғалар өрбігенін айтты.

— Жүз жыл бұрын ел байтағы болған Қызылорда — ел тарихына алтын әріппен жазылған өңір. Алғашқы театр шымылдығы осында түріліп, ел санасына сілкініс туғызған туындылар осы топырақта дүниеге келді. Сондықтан Қызылордада Ұлттық Құрылтайдың шақырылуы — тарихи сабақтастық тұрғысынан орынды бастама. «Жүз жыл — тарих, бес жыл — белес» деген бар. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған бұл институт бес жылда өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, қоғамның түрлі топтарының үн қосуына мүмкіндік берді. Білік пен халықтың арасын жақындастыратын алтын көпірге айналды, — деді ол.

«Экономикалық даму» бағытындағы отырыста Премьер-министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Жұманғарин өткен жылы экономика тұрақтынып, сапалы өсім болғанын айтты. Ішкі жалпы өнім 300 млрд АҚШ долларынан асса, жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімде де айтарлықтай өсім бар. Көрсеткіш негізінен өңдеу өнеркәсібі, сауда, көлік қызметі, құрылыс салаларына тиесілі болып отыр.

Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім 5,9 пайыз болып отыр. Дикан қауым дәнді дақылдардан 27,1 млн тонна өнім жинады. Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеуге арналған еліміздегі ең ірі агроөнеркәсіптік парктің құрылысы басталды. Сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік қолдау шараларының бірыңғай стандарты енгізіліп, жергілікті деңгейде қосымша көмек түрлері біріздендірілді. Цифрландыру әлеуметтік салада құқық бұзушылықты анықтау мен алдын алуға мүмкіндік берді. Бір жарым жылда әлеуметтік саясатты трансформациялаудан 600 млрд теңге үнемделген.

— Өткен жылы жүргізілген бюджеттік мониторинг қорытындысы бойынша республикалық бюджетке 8 түзету енгізіліп, жыл басынан бері 1 триллион теңгеден астам қаражат оңтайландырылды. Олар нақты секторға бағытталды, — деді Серік Жұманғарин.

Көлік логистикалық инфрақұрылымын дамытудың 2029 жылға дейінгі ұлттық жоспары 204 жобаны қамтып отыр. Инфрақұрылымының тозуы 40 пайызға төмендеп, энергетикалық, коммуналдық секторларды жаңғыртудың ұлттық жобасы іске асырылып келеді.

Қоғамдық диалог үлгісіне айналған Құрылтай аясында басқа да түрлі тақырып пен ұсыныстар ортаға түсті. Оның барлығы мұқият зерттеліп, тиісті қорытынды шығарылады. Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда бұған дейін Құрылтайларда жүзеге асқан, елге пайдалы бастама көп. Құрылтай мүшелері бұл жолғы жиында айтылған әрбір ұсыныс та мемлекет дамуына үлес қосады деген сенімде.

Дайындаған Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ
Басы 1-бетте

Ержан ҚОЖАС

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №85